

**№21 Жалпы орта білім беретін мектебі коммуналдық
мемлекеттік мекемесі**

**Мектептегі «Сыбайлас жемқорлыққа қарсы күрес»
жұмыстары**

Достық ауылы



«Бекітемін»

№21 ЖОББМ КММ директоры

Т.Байсбаев

«№21 жалпы орта білім беретін мектебі» коммуналдық мемлекеттік мекемесінің сыбайлас жемқорлыққа қарсы стандарты

1. Жалпы ереже

1. Осы Келес ауданының адами әлеуетті дамыту бөлімінің «№21 жалпы орта білім беретін мектебі» коммуналдық мемлекеттік мекемесінің сыбайлас жемқорлыққа қарсы стандарты «Сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл туралы» 2015 жылғы 10 қарашадағы Қазақстан Республикасы Заңының 10-бабына, Қазақстан Республикасы Мемлекеттік қызмет істері және сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл агенттігі бекіткен Сыбайлас жемқорлыққа қарсы стандартты әзірлеу бойынша әдістемелік ұсынымдарға сәйкес әзірленген және ұсынымдық сипатқа ие.
2. Сыбайлас жемқорлыққа қарсы стандартты әзірлеуші «№21 жалпы орта білім беретін мектебі» коммуналдық мемлекеттік мекемесі (құрылымдық бөлімше) болып табылады.
3. Сыбайлас жемқорлыққа қарсы стандарт сыбайлас жемқорлықтың алдын алуға бағытталған қоғамдық қатынастардың ерекшеленген саласына арналған ұсынымдар жүйесін орнатуға бағытталған.
4. Сыбайлас жемқорлыққа қарсы стандартты әзірлеу міндеттері:
 - 1) қоғамдық қатынастардың ерекшеленген саласында жұмыс істейтін адамдардың нақты сыбайлас жемқорлыққа қарсы мінез-құлқын қалыптастыру;
 - 2) сыбайлас жемқорлық көріністерін уақытылы анықтау және олардың жағымсыз салдарының алдын алу болып табылады.
5. Сыбайлас жемқорлыққа қарсы стандарттың қағидаттары:
 - 1) заңдылық;
 - 2) ашықтық;
 - 3) әдептілік;
 - 4) жеке және заңды тұлғалардың құқықтары мен заңды мүдделерін сақтау және оларды сыбайлас жемқорлық көріністерінен қорғау;
 - 5) мүдделер қақтығысын болдырмау болып табылады.
6. Сыбайлас жемқорлыққа қарсы стандарт жемқорлыққа қарсы мінез-құлықты сақтауға және сыбайлас жемқорлық көріністерінің алдын алуға бағытталған қоғамдық қатынастардың ерекшеленген саласында жұмыс істейтін адамдарға арналған ұсынымдарды анықтайды.
7. Сыбайлас жемқорлыққа қарсы стандарттың негізіне сыбайлас жемқорлық көріністерінің алдын алу көзқарасы тұрғысынан:



«Бекітемін»
Мектеп директоры:
Т. Байсбаев

№21 жалпы орта білім беретін мектебінде 2023-2024 оқу жылында сыбайлас жемқорлықпен күрес бойынша атқарылатын жұмыстардың жоспары.

№	Атқарылатын іс-шаралар	Мерзімі	Жауапты
1	Қазақстан Республикасы президентінің №986 Жарлығымен бекітілген Қазақстан Республикасының 2015-2025 жылдарға арналған сыбайлас жемқорлыққа қарсы стратегиясын насихаттау мақсатында 2023-2024оқу жылына арналған іс-шаралар жоспарын бекіту.	Қыркүйек	Директордың тәрбие ісі жөніндегі орынбасары
2	Құқық бұзушылық пен қылмыс жасауға жағдай туғызатын себептерді ауыздықтауға, мектеп ұжымы арасында сыбайлас жемқорлыққа қарсы заңнама талаптарын сақтау жөніндегі құқықтық түсіндіру жұмыстарын жүргізу	Үнемі	Директордың тәрбие ісі жөніндегі орынбасары
3	Ұстаздарға құқықтық білім беру мен сыбайлас жемқорлыққа қарсы күрес және заң бұзушылықтың алдын алу мақсатында үгіт насихат жұмыстарын жүргізу.	Күнделікті	Мектеп әкімшілігі, кәсіподақ комитеті
4	Сыбайлас жемқорлықтың алдын-алу жұмыстарын жүргізу үшін қажетті стендтер жасау және ақпарат құралдарында жарияланған мақалалармен мұғалімдерді таныстырып отыру.	Ай сайын	Директордың тәрбие ісі жөніндегі орынбасары
5	Мұғалімдердің жалақысы мен салықтарының, зейнеткерлік қордың қаржысын уактылы аударуды қадағалау.	Ай сайын	Директордың оқу ісі жөніндегі орынбасары
6	Сыбайлас жемқорлыққа қарсы заңнамаларды білу және оны насихаттау жөніндегі іс-шараларды жүзеге асыру: -Тәрбие сағаттары -Дөңгелек үстелдер -Сұхбат кеңестер -Құқықтық оқыту жұмыстары	Жоспарға сәйкес	Сынып жетекшілер
7	Мектепте «Сыбайлас жемқорлыққа – жол жоқ» тақырыбында пікірсайыс өткізу.	Наурыз	Тәлімгер
8	Оқушылар арасында «Сыбайлас жемқорлыққа қарсымын», «Сыбайластық-ауыр дерт», тақырыбында шығармалар байқауын өткізу	Сәуір	Қазақ тілі пәні бірлестігі
9	«Сыбайластыққа-жол жоқ» тақырыбында суреттер байқауын ұйымдастыру	Мамыр	Сурет пәнінің мұғалімдері
10	Атқарылған жұмыстар туралы мәліметтерді аудандық білім бөліміне тапсырып отыру.	Токсан сайын	Директордың тәрбие ісі жөніндегі орынбасары

**№21 ЖАЛШЫ ОРТА БІЛІМ БЕРЕТІН МЕКТЕБІ КОММУНАЛДЫҚ
МЕМЛЕКЕТТІК МЕКЕМЕСІНІҢ ДИРЕКТОРЫНЫҢ БҰЙРЫҒЫ**

01.09.2023ж

**«Қазақстан Республикасының 2015-2025 жылдарға
арналған сыбайлас жемқорлыққа қарсы стратегиясы»
мен «Сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл туралы»
Заңын насихаттау туралы**

Мектепте Қазақстан Республикасы Президентінің №986 Жарлығымен бекітілген «Қазақстан Республикасының 2015-2025 жылдарға арналған» сыбайлас жемқорлыққа қарсы стратегиясы» мен «Сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл туралы» Заңын насихаттау мақсатында

БҰЙЫРАМЫН:

1. Мектепте Қазақстан Республикасы Президентінің №986 Жарлығымен бекітілген «Қазақстан Республикасының 2015-2025 жылдарға арналған» сыбайлас жемқорлыққа қарсы стратегиясы» мен «Сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл туралы» Заңын насихаттау бағытында сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс –қимыл мен құқық бұзушылық және қылмыс жасауға жағдай туғызатын себептердің алдын -алу мақсатында сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-шаралар жоспарын жасау, бекіту және соған байланысты жұмыстар жүргізу директордың тәрбие ісі жөніндегі орынбасары О.Бұлтаққа тапсырылсын.
2. Мектепте сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл туралы заңнамасын насихаттау бағытында жұмыстар жүргізуге белсене атсалысу мектептің барлық мұғалімдері мен техникалық қызметкерлеріне жүктелсін.
3. Мектепте сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл туралы заңнамасын насихаттау бағытында оқушылар мен ата-аналар арасында жемқорлық фактілерін болдырмау және оның алдын алу, олардың бойында сыбайлас жемқорлық көріністеріне төзбеу мәдениетін қалыптастыру бойынша түсіндіру жұмыстарын жүргізу сынып жетекшілерге міндеттелсін.
4. Осы бұйрықтың орындалуына бақылау мен басшылық жасау директордың тәрбие ісі жөніндегі орынбасары О.Бұлтаққа жүктелсін.

Мектеп директоры:



Т.Байсбаев